

Қазақстан Республикасының 2017 жылғы қыркүйек айындағы қоршаған орта жай-күйі



Атмосфералық ауа ластануының жай-күйі

Атмосфералық ауа ластануының жалпы бағалауы төмендегідей сипатталады:


-ластанудың өте жоғары деңгейіне Астана, Балқаш, Алматы, Ақтөбе қалалары;

-ластанудың жоғары деңгейіне Атырау, Ақтау, Қаратау, Қарағанды, Жезқазған, Шымкент, Петропавл, Теміртау қалалары және Қордай кенті;

-ластанудың көтеріңкі деңгейіне Көкшетау, Өскемен, Семей, Қызылорда, Костанай, Риддер, Павлодар, Шу, Екібастұз, Талдықорған, Құлсары, Түркістан, Ақсу, Тараз, Жаңаөзен қалалары және Қарабалық, Глубокое кенттері;


-ластанудың төменгі деңгейіне Степногор, Зырянов, Жаңатас, Ақсай, Саран, Орал, Рудный, Арқалық, Жітіқара, Лисаковск, Кентау қалалары және Сарыбұлақ, Январцево, Ақай, Төретам Березовка, Бейнеу кенттері, «Боровое» КФМС және Щучинск-Бурабай курорттық аймағы жатады.

СИ



Қазақстан Республикасы елді мекендерінің стандартты индекс (СИ) мәні

ЕЖҚ, %



Қазақстан Республикасы елді мекендерінің ең жоғары қайталанғыштық (ЕЖҚ) мәні

Жер үсті суларының жай-күйі

Барлық су объектілеріне жүргізілген зерттеулерден су сапасы төмендегідей топтастырылады:

"нормативті таза" деңгейіне 1 теңіз және 1 көл - Каспий теңізі, Үлкен Алматы көлі;

"ластанудың орташа деңгейіне" – 46 өзен, 9 су қоймасы, 7 көл, 2 арна: Қара Ертіс, Ертіс, Бұқтырма, Брекса, Тихая, Глубочанка, Оба, Емел (ШҚО), Аягөз, Жайық, Шаронова, Киғаш, Шаған, Деркөл, Тобыл, Тоғызак, Есіл, Акбұлақ, Сарыбұлақ, Нұра, Беттібұлақ, Көкпекті, Іле, Текес, Баянкөл, Шілік, Шарын, Қарқара, Есік, Қаскелен, Түрген, Темірлік, Талғар, Қорғас, Кіші Алматы, Есентай, Үлкен Алматы, Талас, Асса, Шу, Ақсу, Тоқташ, Сарықау, Бадам, Арыс, Шыңғырлау, Сырдария (Қызылорда обл.) өзендері; Күрті, Бартоғай, Қапшағай, Тасөткел, Шардара, Сергеевское, Вячеславское, Самарқан, Кеңгір су қоймалары; Султанкелді, Копа, Зеренді, Бурабай, Сұлукөл, Билікөл, Арал теңізі көлдері; Нұра-Есіл, ағынды сулар арналары;


"ластанудың жоғары деңгейіне" - 10 өзен, 6 көл: Үлбі, Красноярка, Елек (Ақтөбе обл.), Айет, Соқыр, Шерубайнұра, Қарабалта, Келес, Сырдария (ОҚО), Қара Кеңгір өзендері; Үлкен Шабакты, Щучье, Кіші Шабакты, Карасье, Балқаш, Алакөл көлдері;

"ластанудың өте жоғары деңгейіне" - 2 өзен: Қылшақты, Шағалалы өзендері жатады.


ҚР кейбір су нысандарында 5 тәулікте оттекті биохимиялық тұтынудың жоғарғы мәндері байқалды және ол келесідей жіктелді:

«ластанудың өте жоғары деңгейіне» - Қара Кеңгір өзені, Билікөл көлі;

«ластанудың орташа деңгейіне» – Шаронова, Киғаш, Айет, Нұра (Ақмола обл.), Шу, Қарабалта, Сарықау өзендері, Тасөткел су қоймасы, Нұра-Есіл арнасы (Ақмола обл.) Сұлтанкелді, Қопа, Сұлукөл көлдері.



Қазақстан Республикасы су объектілерінің кешенді ластану индексінің өзгеруі



Қазақстан Республикасы су қоймаларының, көлдерінің және су арналарының кешенді ластану индексінің өзгеруі

Радиациялық жай-күйі

Қазақстан Республикасының елді-мекендердегі атмосфераның жерге жақын қабатындағы гамма-фонның орташа мәні 0,02 – 0,28 мкЗв/сағ. аралығында болды. Қазақстан Республикасында радиациялық гамма-фонның орташа мәні 0,13 мкЗв/сағ., яғни шекті жол берілетін шамаға сәйкес келеді.

ҚР аумағында атмосфераның жерге жақын қабатында орта тәуліктік радиоактивтердің түсу тығыздығы 0,5 – 1,8 Бк/м² аралығында болды. ҚР аумағында радиоактивті түсулердің орташа тығыздығы 1,1 Бк/м², бұл шекті жол берілетін деңгейінен аспады.

Қосымша:

Толығырақ мәліметтер Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі және «Қазгидромет» РМК сайттарында енгізілетін ақпараттық бюлетенінде жарияланады.